


Республика бойынша 2020 жылғы қаңтар айындағы жұқпалы аурулардың эпидемиологиялық ахуалы

Республика бойынша 2020 жылғы қаңтардағы жұқпалы және паразиттік аурулардың эпидемиологиялық ахуалы тұрақты болып сипатталады.


2019 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда жұқпалы және паразиттік 40 нозология бойынша сырқаттанушылық төмендеді, оның ішінде: серозды менингит 49,9%-ға, лямблиоз 44,2%, трематодоз 34,16%, сальмонеллез 32%, аскаридоз 25,3%, қызылша 24,1%, желшешек 19,68%, ротавирустық энтерит 17,2%, созылмалы вирусты гепатиттер 7,26%-ға (оның ішінде ДСВГВ 6,2 есеге, СВГС 16,22%-ға, ДЖСВГВ) азайды (Сурет 1).



1 – сурет. 2019- 2020 жж. Қазақстан Республикасында қаңтар айларындағы жұқпалы аурулардың төмендеуінің салыстырмалы сипаттамасы (100 мың адамға шаққанда)

Тырысқақ, іш сүзегі, А,В,С паратифтері, оба, туляремия, күйдіргі, дифтерия, сал полиомиелиті, В типті гемофильді инфекция, сіреспе, Ку қызбасы, Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы, құтыру, висцералды лейшманиоз, кене бөртпе сүзегі ауруы **тіркелген жоқ.**

Сонымен қатар, талданып отырған кезеңде республикада дизентерия, скарлатина, жіті вирустық гепатит, педикулез сырқаттанушылықтарының жоғарлауы байқалады (2-сурет).



2 – сурет. 2019- 2020 жж. Қазақстан Республикасында қаңтар айларындағы жұқпалы аурулардың жоғарлауының салыстырмалы сипаттамасы (100 мың адамға шаққанда)

Инфекциялық аурулардың алдын алуда мынадай қарапайым қағидаларды сақтау керектігін естеріңізге салғымыз келеді:

- салауатты өмір салтын ұстану (толыққанды ұйықтау, таза ауада дем алу, белсенді демалыс, үйлесімді, дәруменге бай тамақтану), бұл кез келген инфекциямен күресуде организмге көмектеседі;
- сатып алынған өнімдердің қаптамасында көрсетілген жарамдылық мерзімін мұқият қадағалау қажет;
- жеке гигиена ережесін қатаң сақтау керек (тамақты дайындар алдында және тамақ ішердің алдында, жануарларды ұстағаннан кейін, дәретханаға барғаннан кейін қолды мұқият сабындап жуу);
- тағам өнімдерін арнайы сатуға рұқсат етілген орындардан алу керек;
- шомылуға арналған арнайы орындарда ғана шомылу қажет;
- қайнатылған, бөтелкедегі немесе кепілдендірілген сапалы суды қолдану керек;
- тұрғын үйде үнемі тазалықты, жеке гигиенаны сақтап, балаларға қайнатылмаған сүт өнімдерін, шикі жұмыртқаны бермеу керек, тағам дайындауға тек балғын өнімдерді қолдану қажет;
- жіті ішек жұқпасының белгілері болған жағдайда (дене қызуының көтерілуі, құсу, іш өтуі және тағы басқа белгілер) дереу медициналық көмекке жүгіну керек.